Успешная деятельность Зулхаира Аймухаметовича в качестве первого проректора не означает, что он отошел от своей изначальной ипостаси ученого-химика. Мансуров является профессором кафедры химической физики и ВМС, читает лекционные курсы "Физические методы исследования" и "Химическая физика", разработал и ведет новый курс "Синтез и исследование наноматериалов". По словам Зулхаира Аймухаметовича, он мог бы быть свободен от преподавания, но не хочет деградировать как специалист, так как каждая лекция требует введения нового материала, современных данных, совершенствования методики. К тому же он сочетает выполнение учебной нагрузки и физической, то есть считает полезным вести занятия стоя или прохаживаясь по аудитории,

желания учиться, стать образованным. Безусловно, сейчас студенты стали рациональнее, у них есть конкретные цели. Например, в совершенстве овладеть иностранным языком, чтобы поехать на учебу или стажировку в зарубежную страну. Им можно только завидовать – они молодые, у них все впереди".

НАУЧНАЯ ОРБИТА

Профессор З.А. Мансуров является научным руководителем Института проблем горения. Коллектив института успешно трудится, с каждым годом наращивает объемы финансирования выполняемых работ, осваивает новые темы исследований, выигрывает международные гранты и т.д. Как научный руководитель Института ИГ Мансуров руководит темой "Современные подходы синтеза новых материалов на основе процессов горения, плазмохимии и механохимии" по фундаментальной программе МОиН РК.

Только за последние несколько лет достижения в научной деятельности доктора наук Мансурова выглядят весьма внушительно: 2001 и 2002 гг. – гранты INTAS, 2002 г. – грант МНТЦ, 2003 г. – публикация монографии по актуальнейшей проблеме "Нефтяные отходы и способы их утилизации", 2003 и 2006 гг. – гранты DAAD (Бонн, Германия). В июне 2002 г. коллективу ученых во главе с З.А. Мансуровым Российская академия естественных наук, Международная академия авторов научных открытий и изобретений и Международная ассоциация авторов научных открытий присудила Диплом на открытие "Явление низкотемпературного холодноплазменного сажеобразования". В декабре 2002 г. Мансуров как руководитель научного открытия был удостоен Первой премии им. К.И. Сатпаева за лучшие достижения в области естественных наук.

Зулхаир Аймухаметович является главным редактором англоязычного "Eurasian Chemico-Technological Journal" и нового журнала "Горение и плазмохимия", редактор и член редколлегии ряда научных периодических изданий.

В 2005 году редколлегия журнала "Физика горения и взрыва" пригласила З.А. Мансурова войти в редакционный совет на 5 лет и попросила подготовить обзор "Сажеобразование в процессах горения" в юбилейный номер, посвященный 40-летию журнала. Зулхаир Аймухаметович, отличающийся ответственным подходом к делу, "перелопатил" большой объем современной литературы по сажеобразованию, осветил различные аспекты этого интересного и многофакторного явления. За полгода написал страниц 70, которые, правда, пришлось сократить на четверть. Кстати, журнал издательством "Шпрингер" переводится на английский язык. В апреле 2006 года Зулхаир Аймухаметович получил письмо от заместителя редактора журнала профессора В.Е. Зарко с поздравлениями в связи с тем, что статья Мансурова на первом месте в списке наиболее запрашиваемых статей, публикуемом издательством "Шпрингер". Это значительный научный успех, своеобразный подарок Ученого к своему юбилею.

МАНСУРОВ И НОВЕЙШАЯ ИСТОРИЯ КАЗНУ

Зулхаир Аймухаметович являет собой подтверждение тезиса нашего ректора Т.А. Кожамкулова о том, что в стенах КазГУ можно пройти все ступени профессионального роста: от студента до академика. Более 40 лет назад академик Международной академии наук высшей школы З.А. Мансуров связал свою судьбу с университетом, ставшим для него

родным. И вполне естественно, что накануне 70-летия Alma mater Зулхаир Аймухаметович в качестве заместителя председателя редакционной коллегии принимал активное участие в реализации уникального издательского проекта – подготовки и выпуска 3-томной "Летописи Казахского национального университета им. аль-Фараби". Каждый том посвящен определенному этапу истории становления и роста КазНУ – 1934-1960 гг., 1961-1990 гг., 1991-2004 гг. – и предваряется историко-хронологическим очерком о педагогической, научно-исследовательской и общественной деятельности коллектива университета в контексте советской и постсоветской истории Казахстана. В "Летописи" представлена, иногда собранная по крупицам, по скудным архивным данным, уникальная информация – Персоналии профессоров и заведующих кафедрами, работавших и работающих в КазНУ. Была проделана объемная кропотливая работа и редколлекцией, и членами консультативного совета, и сотрудниками, собиравшими архивный материал. "Летопись" – прекрасный значительный подарок коллективу к юбилею нашего университета, подготовка и проведение празднования которого имели огромное значение в кардинальном реформировании всех сторон университетской жизни. Ведь юбилей – это не только серия праздничных мероприятий, но и анализ деятельности университета за 70 лет.

А наш юбиляр Зулхаир Аймухаметович Мансуров, которому посвящена данная статья, отмечает 60! Конечно, это важный жизненный рубеж, но не пора подведения итогов, как ошибочно считают многие, а время планирования новых дел на новый период жизни. Начало этапа реализации накопленного опыта, этап зрелости:

"Не бойтесь юбилеев, они нам тем милее, что в будущее наше бросают яркий свет".

К сожалению, формат нашей газеты не позволяет описать все аспекты научно-исследовательской, преподавательской, организаторской деятельности доктора наук, профессора, академика МАН ВШ З.А. Мансурова – многие достижения остались за пределами данной газетной полосы. Можем добавить только, что большой вклад ученого и педагога в химическую науку, в развитие высшего образования заслуженно оценен научно-педагогическим сообществом Казахстана и России, правительством и Президентом РК премиями, медалями, Орденом "Курмет" и другими наградами. А то, что он внимательный, открытый, понимающий коллега, замечательный семьянин – это прекрасно знает любой сотрудник университета, который общался или общается с этим интеллигентным человеком.

P.S.

Уважаемый Зулхаир Аймухаметович! Редакционная коллегия и коллектив редакции газеты "Казак университеті" горячо поздравляют Вас с шестидесятилетием и желают Вам новых научных открытий, талантливых учеников, неиссякаемой энергии и здоровья во благо КазНУ!



Новые импульсы ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

● VIII съезд РСР



М.Т. Мукашева с Президентом Российского союза ректоров, ректором МГУ В.А. Садовничим

8-9 июня 2006 года в

Московском государственном университете им. М.В. Ломоносова проходил VIII съезд Российского Союза ректоров. В Колонном зале высотного здания МГУ собрались полторы тысячи человек: ректоры 57 классических университетов стран СНГ, входящих в Евразийскую ассоциацию (ЕАУ), руководители других вузов России и стран СНГ, Европы, Азии, Америки, а также ответственные работники министерств и ведомств во главе с министром образования и науки РФ А. Фурсенко, руководители российских регионов, депутаты Государственной думы и члены Совета Федерации. В работе съезда принял участие президент России Владимир Путин.

Представление участников данного съезда будет неполным, если не отметить присутствие председателей профсоюзных организаций университетов – членов Евразийской ассоциации (ЕАПОУ). Как известно, КазНУ им. аль-Фараби как университет классического типа является соучредителем ЕАУ с июня 1995 года, а профсоюзная организация сотрудников с октября 1997 года входит в ЕАПОУ.

На VIII съезде Российского союза ректоров от нашего университета в качестве гостей были проректор по науке А. Купчишин и председатель профкома, член президиума ЕАПОУ М. Мукашева. Манишук Тынышкалиевна рассказала нашей газете о ключевых моментах работы данного ректорского сообщества.

- Хотя мы были приглашены в качестве гостей, но выступили с докладами на соответствующих секциях. Мой доклад назывался "Социальные программы в курсе кардинальных реформ". Но, конечно, наиболее интересными были выступление президента В.В. Путина и доклад президента Российского союза ректоров, ректора МГУ В.А. Садовничего на пленарном заседании.

Президент России начал выступление с весьма непринужденного сравнения – взойдя на университетскую массивную трибуну из твердого дерева, он сказал: "Как у вас все основательно, прямо как наше фундаментальное образование". Но дальнейшие его слова были исполнены серьезной озабоченности за судьбу российского образования. В частности, Путин отметил, что сейчас роль образования растет, а его качество падает. Одной из причин он считает низкую эффективность расходов бюджетных средств: "Просто повышать федеральные и другого уровня расходы в сегодняшних условиях уже большого смысла не имеет. Нужно, чтобы сами системы образования и науки были чувствительными, живыми и восприимчивыми к этим вливаниям. И чтобы отдача от этих вливаний была гораздо больше, чем мы имеем

сегодня". Также, по его мнению, расширение самостоятельности не должно приводить к снижению уровня преподавания: "Большая хозяйственная самостоятельность требует и большей ответственности, и современных – во всех смыслах этого слова – форм управления".

В. Путин озвучил некоторые приоритетные задачи, стоящие перед профобразованием: обновление бюджетных и управленческих технологий, развитие филиальной сети российских вузов и расширение доступа в них для иностранных студентов и прежде всего из стран СНГ, формирование фондов ресурсного капитала как за счет средств госбюджета, так и за счет средств бизнеса или совместно с ним. Владимир Владимирович затронул еще один крайне острый вопрос о подготовке кадров для науки и самого, собственно, образования: "Очень важно решить проблему притока молодых специалистов в научно-образовательную сферу. Нужно снять все барьеры для карьерного и профессионального роста талантливой молодежи, помочь решению их жилищных и других, конечно, – прежде всего материальных – вопросов".

Подробное цитирование президента В. Путина оправдано тем, что он поднимал темы, которые имеют стратегический характер и для казахстанской системы образования и которые подробно освещал в своей лекции в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева президент Н.А. Назарбаев 26 мая этого года: повышение качества, воспроизводство научных кадров, совершенствование управления, создание конкурентоспособной системы подготовки специалистов.

В своем пленарном докладе "Высшее образование России. Доступность. Качество. Конкурентоспособность" ректор МГУ В.А. Садовничий, говоря о доступности образования, отметил, что доступность – это вопрос настроения в обществе, имеющий социальное звучание. Он предложил принять закон об олимпиадах, творческих конкурсах, различных формах специализированной подготовки школьников, системе отбора талантливых молодых людей по всей России и установить четкие правила приема в вузы на основе многовариантности.

Актуально для всех работников сферы высшего образования прозвучали слова о том, что вопрос качества образования упирается в материальное положение преподавателей вузов, их статус. Парадоксальная ситуация, которая наблюдается в российском образовании, характерна и для казахстанских преподавателей, в частности нашего университета: половину своего времени или около того преподаватель университета проводит не на основной работе, а в других местах, зарабатывая на проживание. Следовательно, и половину зарплаты он получает "на стороне". Преподаватель вуза должен за свою основную работу получать достаточно. Тогда от него можно требовать, чтобы он все свое свободное время отдавал университету, и это должно быть зафиксировано в трудовом договоре, как делается во всех университетах мира.

Опыт последних 10-15 лет показал, что государственной высшей школе не выжить без стратегического партнерства с бизнес-сообществом. Мы, участники и гости съезда, были свидетелями подписания Соглашения о сотрудничестве Российского союза ректоров с самыми крупными объединениями работодателей: Российским союзом промышленников и предпринимателей (президент Александр Шохин), Торгово-промышленной палатой (председатель Евгений Примаков), "Деловой Россией", "Опорой России".

В заключение хочу сказать, что КазНУ им. аль-Фараби тоже открыт для подписания подобных соглашений с представителями отечественного бизнеса.

Записала Найля САДЫКОВА

– Манишук Тынышкалиқызы, "Парасат" кәсіподағы ҚазҰУ қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қолдайтын ұйым екендігі белгілі. Соңғы уақытта атқарылған елеулі жұмыстар туралы айтып берсеңіз?

– Әлеуметтік сала – кәсіподақ ұйымының негізгі бір бағыты. Жыл бойына өзіміздің университет қызметкерлерін материалдық жағынан қолдап отырамыз. Олардың қатарына бұрын ҚазҰУ-да еңбек еткен Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің мерейтойлары, Жеңіс күні мен қарттар мерекесінде және дүние салған кезде берілетін қаржылай көмектер кіреді. Сонымен қатар, 2005 жылдан бері "Парасат" кәсіподағының бастамасымен демография саясатын қолдау мақсатымен, ғылымда жүрген әйел азаматтардың ішінде дүниеге сәби әкелген аналарды арнайы лебіз хатпен құттықтап, қаржылай көмек береміз. Бүгінге дейін 100-ге жуық жас анаға осы қолдауды көрсеттік. Оқу ордамызда жұмыс жасайтын, түрлі жағдайларға душар болған жалғызбасты аналар бар, қымбат операцияларын төлеуге мұршасы келмеген ұстаздар бар, міне солардың бәріне көмектесіп отыру – біздің парызы.

"Парасат" кәсіподағының ПАРАСАТТЫ ІСТЕРІ

Тағы бір айта кетерлік жайт, 2005 жылдың қаңтар айынан бастап, Президентіміз "Қазақстан – 2030" жолдауында көрсеткендей, салауатты өмір салтын қалыптастыру ниетімен, университет ұстаздарының денсаулығын сақтау жолында бірқатар жұмыс жасап келеміз. Атап айтар болсақ, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі "Көктем", "Денсаулық" "Сарыағаш", Жаңақорғандағы шипажайларда 50 пайыз жеңілдікпен демалып келуге жағдай жасаймыз. Бүгінге дейін 100-ден астам оқытушы-профессорлар сол жерлерде демалып қайтты.

Сонымен қатар, бірнеше жылдан бері асқан ауруы бойынша тізімде тұрған қызметкерлерге Тамақтандыру комбинатынан және барлық факультеттегі асханаларда 50 пайыздық жеңілдікке рұқсат беретін талон таратылады.

– Ал университет ұстаздарының балаларының демалысын ұйымдастыру қалай жүріп жатыр? Олар ҚазҰУ-дың меншігіндегі "Болашақ" лагерінде бұрынғысына демалуда ма?

– Осы уақытқа дейін 3 жыл сайын бір маусымда 100-120 бала, ал 3 айда 250-300 бала демалатын. Бірақ биыл "Болашақ" лагері жұмыс істемейді. Ол жерде қазір қайта ұйымдастыру жұмыстары жүріп жатқандықтан, онда балаларымыздың демалуына мүмкіндік жоқ. Дегенмен, бұл біздің балалар демалысын ұйымдастырмаймыз деген сөз емес. Мен таяуда осы Алматы аумағындағы балаларды сауықтыру лагерлерінің тізімін алдым. Қазірде жұмыс жасап жатқан "Юный домостроитель", "Связист" "Тау күні", "Сарыарқа" сынды 13 лагердің ішінен әр ата-ана өз таңдауын жасап, құжаттарын маған өткізген соң, соған сәйкес жолдаманың жарты бағасын төлеп береміз. Ал ерекше бір айта кетер нәрсе, соңғы 2 жылдан бері Алматы қаласындағы "Алау" балалар шипажайында мектеп жасына дейінгі балаларымызды тегін демалдырып келеміз.

– ҚазҰУ-дың спорт саласында "Парасат" кәсіподағының аты жсіі айтылады. Бұл спорт кафедрасымен тығыз жұмыс жасайтындық-

тарыңыздың көрінісі ме?

– Үкіметтің арнайы қаулыларында, университеттің даму стратегиясында және "Парасат" кәсіподағының жарғысында азаматтардың денсаулығына зор көңіл бөлінетіндігі айтылған. Себебі, спорт дегеніміз денсаулық қой. Онымен шұғылданған адам көңілді, ширақ жүреді дегендей, біздің кәсіподақ ұйымы белсене араласатын шаралар қатарына көптеген спартакиадалар, жарыстар кіреді. Әр жылдың қаңтар айының сонында дәстүрлі түрде өтетін "Қыс мерекесі" шарасында шаңғы тебу, гир көтеру сияқты түрлі сайыстар ұйымдастырылып, оған 300-400 адам қатысады. Сондай-ақ ҚазҰУ Ректорының кубогы үшін 2 жылда бір рет (спорттың 6 түрі бойынша) спартакиада өтеді. Бірінші Кубокты физика факультеті жеңіп алса, одан кейін 2 жылдан соң, 2-Кубокты химия факультетінің құрама командасы жеңіп алды. Бірінші, екінші, үшінші орынды иеленген факультеттерге ақшалай сыйлықтар беріліп, арнайы медаль, дипломдармен марапатталды.

Спортқа деген зор қызығушылықтың арқасында болар, биыл білім саласының қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымдастырған қала бойынша ЖОО арасындағы оқытушылардың спартакиадасында біздің университеттің құрама командасы үстел теннисінен, бадминтоннан, шахматтан 1-орынды, ал волейболдан, бильярдтан – 2-орынды жеңіп алды.

Ал бас корпус маңындағы спорт кешенінде қыз-келіншектерге арналған тегін аэробика үйірмесі жұмыс жасайды. Ұстаз әйелдеріміздің ол үйірмеге деген алғысы зор. Осының бәрі спорт кафедрасының ұжымы мен кәсіподақ арасындағы бірлескен жұмыстың арқасында іске асып жатыр деп ойлаймын. Ерекше айта кететін жай – осы шараларды өткізуге университет басшылығы әрқашан да үлкен қолдау көрсетіп отырады.

– Ыстыққолде ҚазҰУ-дың өз лагері жұмыс жасайтыны белгілі. Ол жайында не айтасыз?

– Иә, ондағы демалысқа байланысты да іс-шаралар жоспары бекітілу алдында түр. 20 маусым мен 30 маусым, 1 шілде мен 20 шілде, 21 шілде мен 20

тамыз және 21 тамыз бен 27 тамыз аралығында бірнеше дүркін қабылдау болады. Ондағы таңертеңгі жаттығудан бастап, жағажай волейболы, Нептун күні сынды көптеген қызықты шараларды ұйымдастыруға дайындық жақсы болуы керек. Сол үшін Спорт кафедрасының жаттықтырушыларынан жасақталған топтар кезекпен әр маусымды тартымды өткізуге атсалысатын болады. Бұрын онда бір маусымда мыңдаған қызметкерлер демалса, былтырғы жылы өкінішке қарай, ондағы саяси тұрақсыздық жағдайының кесірінен, демалушылар саны бары-жоғы 300-дей адамды құрады. Ал биыл бәрі де ойдағыдай болар деп үміттенеміз.

– "Парасаттың" алдағы уақытта қандай жоспар-мақсаттары бар?

– Біздің қазіргі басты мақсатымыз, жазғы демалысты дұрыс ұйымдастыру, қызметкерлер мен олардың балаларын лагерьлердегі жайлы демалыспен қамтамасыз ету. Сондай-ақ, алдағы уақытта да бұрыннан атқарып келе жатқан атаулы шараларды өткізуді жалғастыру. Келешекте, әл-ауқатымыздың көтерілуіне байланысты, алымдардың да мөлшері өсіп, кәсіподақ бюджеті молайып жатса, ол бізге бұдан да елеулі көмек көрсетуімізге мүмкіндік берері сөзсіз.

P.S.

Таяуда Қалалық кәсіподақ ұйымы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың "Парасат" кәсіподақ ұйымын арнайы дипломмен марапаттады. Бұл да осы ұйымның еңбегіне берілген жақсы баға болса керек.

Сұхбаттасқан
Алма
САЙЛАУҚЫЗЫ

Дайджест

БАҚ: поэма мен мерейтой, жолдау мен қауіпсіздік



Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін өткен күндердегі маңызды оқиға – журналистика факультетінің кафедралық меңгерушісі Т.Бекниязовтың еліміздің бас басылымы “Егемен Қазақстан” газетіне (16.06.2006 ж.) жарияланған Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевқа арналған поэмасы болды. Поэма Елбасының суретімен, газеттің бір бетіне толық берілген. Онда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған күнінен бастап, бүгінгідей қалыптасып, өркендеу жолына түскенге дейінгі еліміз жүріп өткен жолдар, Қазақстанның егеменді ел ретінде халықаралық аренаға шығуы сияқты маңызды оқиғалар барысындағы Елбасымыздың ролі туралы жырланған. Ел басшысының тұлғалық, саясаткерлік, азаматтық қырларымен қатар, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы іргетасын қалаған қайраткерлік бейнесі сомдалады.

Мамыр айының соңында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Еуразия ұлттық университетінің құрылғанына 10 жыл толуына орай еліміздің бүкіл студент-жастары мен ұстаздар қауымына арналған лекция оқыған-дығы белгілі. Осы лекцияның университет ұстаздары мен студенттері үшін маңызы туралы шығыстану факультетінің деканы Нұржамал Алдабектің “Нұр-Астана” газетінде (31 мамыр – 7 маусым, 2006 жыл) “Елдің болашағы білімді ұрпақ қолында” атты мақаласы жарық көрді. “Президент өз сөзінде “қандай мамандықты таңдама, бірақ оның нағыз шебері болуға үмтыл” деген қанатты сөз айтты. Кемелденген бай-қуатты елде өмір сүргіміз келсе, сөзбен емес, шынайы ісімізбен аталған тапсырмаларды жүзеге асыруға күш салуымыз қажет”, – делінген онда.

Университетіміз үшін тағы бір маңызды оқиға – оқу орнымыздың Бірінші проректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор З.А.Мансұровтың 60 жылдық мерейтойына орай жарияланған мақалалар легі болды. “Наука и высшая школа Казахстана” газетінде (15.06.2006) “Университет как линия жизни”, “Central Asia Monitoring” газетінде (23.06.2006) “Герой нашего времени”, қалалық “Вечерний Алматы” (24.06.2006) газетінде “Горение в науке и в жизни”, республикалық “Айқын” газетінде “Жалын мен ғалым” атты мақалалар жарияланды. Бұлардың барлығында да Зұлхайыр Аймұхаметұлының химия ғылымына сіңірген зор еңбегі, адамдық және азаматтық келбеті кеңінен сөз болады.

Өткен аптадағы бұқаралық ақпарат құралдарының зор қызығушылығын туғызған оқиға – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінде дүниежүзілік қауіпсіздікті қорғау ұйымы - НАТО орталығының ашылуы болды. Бұл туралы “Хабар”, Қазақ радиосы, КТК, “Алматы” телеарналарының жаналықтарынан беріліп, Қазақ ақпарат агенттігінің сайтында жарияланды. Сонымен қатар “Казахстанская правда” газетінде мақала басылды.

Сондай-ақ, “Егемен Қазақстан” газетінде (9.06.2006ж.) “Діндер жақсылыққа үндер” атты айдар аясында философия және саясаттану факультетінің кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Нағима Бәйтенова мен философия ғылымдарының кандидаты Бағдат Бейсеновтың “Ислам” атты көлемді танымдық мақалалары жарық көрді. Онда Ислам діні адамзатты бейбітшілікке, татулыққа, ынтымаққа, ізгілікке, тақуалыққа, әділдікке, тазалыққа, тура жолға үндейтіндігі дәлелденіп жазылған.

“Полицейлер поэзияны сағынып қалыпты” атты тартымды тақырыппен “Алматы ақшамы” газетінде (06.06.2006) жарияланған мақалада журналистика факультетінің деканы, “Дарын” мемлекеттік жастар сыйлығының, Жазушылар одағының М.Мақатаев атындағы сыйлығының лауреаты Бауыржан Жақыптың Ішкі істер академиясының тыңдаушыларымен кездесуі туралы айтылады. Мақалада жазылғандай, ақынмен

кездесу академия тыңдаушылары арасында зор қызығушылық тудырған.

Осылайша, еліміздің білімі мен ғылымының қарашаңырағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаз маусымының алғашқы айы маңызды оқиғаларға толы болды. Алда – қабылдау емтихандары. Бұл жолы да университетіміз талай дарынды жастарды өз қанатының астына алып, қоғамдық өмірдегі беделі мен абыройы асқақтай түсетіндігіне сенімдіміз.

Ғалия АҚСЕЙІТ,
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

Маусымның алғашқы күндерінен-ақ қала көшелерінде “Жасыл ел” бағдарламасымен жұмыс істейтін студент жастарды көре бастадық. Аталмыш бағдарламаның аяқ алысына биыл – екінші жыл.

Бағдарлама жалғасуда

Елбасының бастамасымен серпін алған бұл бағдарлама көптеген студенттердің қуанышына айналып отыр. Себебі, “Жасыл ел” бағдарламасы студент жастардың жазғы демалыста уақытын бос өткізбей, еңбегі үшін біршама табыс табуына мүмкіндік берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттері де бұл бағдарламадан қалыс қалмай, қаланың көркеюіне үлесін қосып жүр.

Қала бойынша 750 студентті қамтитын жасаққа университетіміздің 100-ден аса студенті кіріп отыр. Тағы бір айта кетерлік жайт, жұмыс барысында Алматыда тұрмайтын студенттерге жатақхана да беріледі.

Қала өкімдігімен бірлесе қызмет етіп, көктемнің басынан құжат жинауға кіріскен “Сұңқар” студенттер кәсіподағы “Жасыл елге” қатысушылардың жатақханамен қамтамасыз етілуін, студенттердің жұмысы барысын қадағалап отыр. Бір өкініштісі, азаматтық алмаған қандас бауырларымыз бұл бағдарламаға қатыса алмайды екен. Себебі аталмыш студенттердің еңбекақы төлемдерін аударуға қажетті өлеуметтік жеке коды мен зейнетақы келісімі жоқ.

Жастарға мұндай мүмкіндіктер сыйлаған “Жасыл ел” бағдарламасы жылдан жылға жалғасын табады деген үміттеміз.


Малика БҮРҚАНҚЫЗЫ

Рецензия

Қазақ қолөнерінің мәдениеттік қызметін материалдық мәдениет атқарған. Осыған орай, қазақтың көрнекті жазушысы, академик Сәбит Мұқанов өзінің “Қазақ қауымы” деген тарихи және этнографиялық шолуында қазақ халқының материалдық мәдениеті жөнінде ой-пікірін білдіреді. Оның пайымдауынша, мәдениет деп адамның тіршілік әрекетіндегі табыстарының өркендеуін, яғни алға басуын айтады. Мәдениет екі саладан өрбиді: материалдық және рухани.

Материалдық мәдениетті Абайдың тілінде “тән азығы” деп, рухани мәдениетті “жан азығы” деп те атайды. Олай атау дұрыс та, өйткені материалдық мәдениет жеке немесе қоғамдық тіршіліктің қажетіне керек. Абайдың тән (дене) азығы дегені – адам тіршілігіне қажет тұрмыстық бұйымдар, яғни қолөнер бұйымдары – материалдық мәдениет. Ал жан азығы дегені – көркем өнер, яғни халық фольклоры.

Осы “Қазақтың қолөнері” деген еңбекте қазақ қолөнерінің бірнеше салалары жүйелі түрде тарауларға бөлінген. Бұл тараулар: ою-өрнек, тері өңдеу, ағаш өңдеу, металл өңдеу, ертүрман, қару-жарақ, саз аспаптары, жиһаз, ыдыс-аяқ сынды сегіз тараудан тұрады. Алайда, осы тараулардың әрқайсысының өзі бөлек бір зерттеуге арқау боларлық жүк. Кітап – альбом болғандықтан, көбінесе иллюстрациялық материалдарға жол беріліп, мәтіндері қысқа да нұсқа баяндалған. Кітап авторы Дәркембай Шоқпарұлы



ЖАҚСЫ КІТАП - ЖАН АЗЫҒЫ

КӨП ЖЫЛДАРДАН ЖИНАҒАН КОЛЛЕКЦИЯМ, КӘРІЛЕРДЕН ТЫҢДАҒАН ӨЛМЕС КҮЙ-ӘН. КӨНЕНІҢ КӨЗІНДЕЙ БІР МУЗЕЙ БОЛДЫ, ОСЫДАН КЕЛЕР ҰРПАҚ КӨРМЕС ЗИЯН.


Дәркембай ұста

Таяуда Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің Мемлекеттік бағдарламасы бойынша, “Өнер” баспасынан Қазақстанға еңбегі сіңген өнер қайраткері, ұста Дәркембай Шоқпарұлының “Қазақтың қолөнері” атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбек Дәркембай Шоқпарұлының өткен ғасырдың 60 жылдарынан бері жинаған көне жәдігерлердің иллюстрациялық суреттеріне өте бай кітап-альбом болып табылады.

жоғарыда келтірілген қолөнер салаларының барлығын жан-жақты толық меңгерген. Жойылып кеткен халық қолөнерінің технологиялық тәсілдерін жаңғыртуды көздеген. Сол себепті де Дәркембай ұста халық қолөнерін теориялық та, практикалық та іске асырушысы болып табылады. Ендігі кезекте, осы материалдық жәдігерлер бізге не береді деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Біріншіден,

әрине, қолөнер туындыларын мұражайдан көреміз, одан көбісі ұмытылып кеткен бұйымдарды танып, болашақ ұрпақ ғылыми-танымдық мәлімет алады. Екіншіден, қазақта “Егер өткенге мылтық атсан, болашақ зеңбірекпен атқылайды” - деген қанатты сөз бар. Осы жәдігерлер арқылы халқымыздың өткені туралы, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, өлет-ғұрпын танимыз. Кезінде ата-баба өнерінің керемет бол-

ғанын зерттеп, зерделейміз. Сондай-ақ, халық қолөнерінің көптеген салаларынан мәлімет аламыз. Алайда, кітап көлеміне байланысты халық қолөнерінің киіз үй, оның жасау жабдықтары, ши тоқу, мүйіз бен сүйекті ұқсату, бөдізшілік өнері, қыштан жасалатын көркем бұйымдар, т. б. салаларының кірмей қалғаны өкінішті. Сіз бен біз білетіндей, қазақ қолөнеріне байланысты кітаптар жоқтың




қасы, тіптен саусақпен санарлықтай деуге болады. Бұған дейінгі белгілі ғалымдар Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, С.Қасиманов, С.Мұқанов, Ә.Тәжімұратовтардың бірқатар еңбектері бар. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінің дәрежесіндегі кейінгі шыққан ауқымды еңбек және қазіргі кездегі жоғарыда айтылған олқылықты толтыратын бірден-бір дүние – осы “Қазақтың қолөнері” атты Дәркембай Шоқпарұлының кітап-альбомы.

Оның тағы бір ерекшелігі – кітаптың көркемдік сапасы өте тамаша. Себебі, біз студенттер, жастар кітапханаларда, кітап дүкендерінде жиі боламыз және қазіргі баспалардан шығып жатқан әр түрлі кітаптарды көріп жүрміз. Солардың ішінде бұл кітап-альбом дизайнерлік көркемдік сапасы жағынан өте күшті талғаммен жасалған. Осының өзі біздерді жоғары талғам иесі болуға тәрбиелейді, яғни эстетикалық тәрбие береді.

Қорытындылай келгенде, таяуда ғана келмес сапарға аттанған ардақты ұстаздың кітабынан этнографиялық, этнологиялық, этнолингвистикалық, технологиялық, ғылыми-танымдық және эстетикалық мағлұматтар аларымыз рас. Бұл еңбек университетіміздің осы салада оқитын студенттеріне, мәдениеттанушыларға және жалпы өнер сүйер қауымға таптырмас құрал болары анық.

Орынгүл НҮРЛАНҚЫЗЫ,
ҚазҰУ-дың “Мәдениеттану” бөлімінің 2-курс студенті



Вакансии

КОНКУРС

Начало на 1 стр.

ЗАВЕДУЮЩИЕ КАФЕДРАМИ (В ЕДИНИЦАХ):

ПО БИОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 1

1. КАФЕДРА ЗООЛОГИИ И ИХТИОЛОГИИ: ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ - 1

1. КАФЕДРА КИТАЕВЕДЕНИЯ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ГЕОГРАФИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 1

1. КАФЕДРА ГЕОЭКОЛОГИИ И МОНИТОРИНГА ПРИРОДНОЙ СРЕДЫ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ЖУРНАЛИСТИКИ - 2

1. КАФЕДРА ТЕЛЕВИЗИОННОЙ И РАДИОЖУРНАЛИСТИКИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1
2. КАФЕДРА ПЕРИОДИЧЕСКОЙ ПЕЧАТИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО МЕХАНИКО-МАТЕМАТИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 3

1. КАФЕДРА ГЕОМЕТРИИ, АЛГЕБРЫ И МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ЛОГИКИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1
2. КАФЕДРА ФУНКЦИОНАЛЬНОГО АНАЛИЗА И ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1
3. КАФЕДРА ИНФОРМАТИКИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 1

1. КАФЕДРА ЯДЕРНОЙ ФИЗИКИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ - 1

1. КАФЕДРА ОБЩЕЙ ПСИХОЛОГИИ ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ПО ЮРИДИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 2

1. КАФЕДРА ИНВЕСТИЦИОННОГО И ФИНАНСОВОГО ПРАВА ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1
2. КАФЕДРА ТРУДОВОГО ПРАВА И ГРАЖДАНСКОГО ПРОЦЕССА ЗАВЕДУЮЩИЙ КАФЕДРОЙ - 1

ВСЕГО ПО УНИВЕРСИТЕТУ - 12 ЕДИНИЦ

НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА КАДРОВ М.С. НУРГАЗИН

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Казахский национальный университет имени аль-Фараби объявляет конкурс на замещение должностей заведующих кафедрами КазНУ им. аль-Фараби, сроки и окончание индивидуального трудового договора которых истекают в данном семестре, а также на вакантные должности.

Срок подачи заявлений на конкурс вакантных должностей - не позднее одного месяца со дня опубликования объявления.

Выборы по конкурсу и заключение индивидуальных трудовых договоров проводятся не позднее чем через два месяца после окончания срока подачи заявлений и не ранее двух месяцев до окончания срока действующего индивидуального трудового договора.

Лица, желающие участвовать в конкурсе, с последующим заключением индивидуального трудового договора, подают следующие документы:

- заявление на имя Ректора
- личный листок
- автобиографию
- копию диплома о высшем образовании, ученой степени и аттестат об ученом звании, заверенные в установленном порядке
- список научных работ и изобретений
- характеристику с последнего места работы.
Лица, работающие в университете, для участия в конкурсе подают:
- заявление на имя Ректора
- характеристику
- список научных работ и изобретений за последние 5 лет.

Отдел кадров

ӨКІНБЕ...

Көріктім,
Кешірек саған кезіктім.
Жетегіне еріп желіктің,
Жылата сені келіпін.

Ибалым,
Несіне қыр гүлін жинадың?
Айтылмай арманға бірге өнім,
Өзгеге сыйладың.

Ақылдым,
Аңсаумен қанша таң атырдың?
Бақыттың біле алмай басымның,
Басқаның уына батырдым.

Қылықтым,
Сыр тұнған жанарың сынық тым.
Өткенді келмейді ұмытқың,
Сонына қызықтым.

Құрбышым,
Жүздессен қашан да мұңлысын.
Бұзбастан татулық үлгісін,
Жылдарым жылжысын.

Өкімбе,

Барлығы тағдырдан өкім де.
Бакытты жұмыр жер бетінде,
Жазбаған жұптасып жетуге.

ТАҒДЫРДЫҢ СЫЙЫ

Еске алып сені отырмын бүгін мен жалғыз,
Арада жоқсың, алыста қалдың арман қыз.
Амал жоқ енді қатардан құрбым қалмай біз,
Үміттің жібін жалғаймыз.

Қайдасың деймін, үнімді сен де қайтала,
Сағынбай жүрек арманның әнін айта ма?..
Өмірге мынау өкпелі жандар қаншама,
Осылай келіп қайта ма?

Айтылмай жатқан арада сырлар көп еді,
Әнменен тербеп жеткізем саған мен оны.

Білесің жаным, жұптастым жатқа себебі,
Тірліктің теліп көгені.


Отырмын жалғыз, оған да барғым келіп ет,
Көбелек сезім өртенді тағы көміп от.
Тағдырдың сыйы осылай болған көрінет,
Жырымды жанға серік ет.

Тағатсыз тентек тулады сонша делебем,
Дәл осы сәтте сен шыға келсең не дер ем?..
Не керек әттен, мәңгілік еріп жөнелем,
Дегенмен елес, бөгелем.

КҮЗІНЕН ӨМІР ҚОРҚАМЫН

Қоңыр күз бақтың құшағы,
Сүренсіз сондай құсалы.

Қара өлең қағанаты



Талапбек ТЫНЫСБЕК, филология факультетінің 3-курс студенті:

САҒЫНБАЙ ЖҮРЕК арманның әнін айта ма?!..

Көркінің қалмай нышаны,
Гүлдерден тозаң ұшады.

Күн санап солды еккен гүл,
Қасірет еді неткен бұл.
Көрікке құмар көбелек,
Қурайға қонбай шеттеп жүр.

Соратын шырын қадала,
Көрінбейді ешбір бал ара.
Жайқалған гүлдің орынын,
Жапырақ басқан сары ала.

Табиғат күзгі арпалыс,
Тырбанған тірлік сарқа күш.
Үзіліп түскен жапырақ,
Іздейді бақтан қалтарыс.

Салмады бұлбұл шалқып өн,
Иісі жоқ гүлдің аңқыған.
Төңірек толы мол тұман,
Желменен ұшып қалқыған.

Сыйлаған баққа нәр сәнін,
Келер деп көктем жортамын.

Танытса тірлік тарпан үн,
Күзінен өмір қорқамын.

ТАҒ ШЫҒЫ

Кен еді өмір арнасы неткен?
Тулайды толқын сан қасыретпен.

Алланың жолын арға ту еткен,
Мәңгілік кім бар қолдасып өткен?

Құтылып жырым самға түнектен,
Жайым жоқ сені жарға түнеткен.
Өлместің ойып таңбасын еппен,
Қалайын рух жалғасы боп мен.

Жүрегім лаулап жан-жасын отпен,
Алғанша орын алғы ақыреттен.
Күндерің мынау алданыш еткен,

Таң шығы - тағдыр тал басын өпкен.
Жұтылып желге айласы кепкен.

ҚазҰУ-дың қызғалдақтары

Макпал ҚАСЫМБАЕВА,

ҚазҰУ-дың география факультетінің 2-курс студенті

Барма екен сенің есінде,
Балқаймақ күндер шайқаусыз.
Бұттың бірі зат төсінде
Бұлығы өстің байқаусыз.

Құрақтай қаулап қолан шаш,
Құралпы қатар қызғанған.
Қынай бел қыпша, қаламқас,
Қашқактап өстің қыздардан.

Омыраудың даусын шығартып,
Алақ мен шашбау тағынбай.
Тал шыбық бойын бұралып,
Тәтті етер қимыл табылмай.

Томардан түскен шок ұсап,
Томсарып көзін жаңғанда.
Тай-сезімне нокта сап,
Туатпай ұстап алғанда...

Кеншілік МЫРЗАБЕКОВ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
М.Т. МҰКАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
А.А. ШВЫДКО - ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы;
Ғ.СЕРІМ - студенттердің "Сынқар" кәсіподағының төрағасы.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;
Бас редактордың орынбасары - Найза Салқова;
Жауапты хатшы - Дарига Амангелдіева;
Көркемдеуші-беттеуші - Нұрлан Сүйінбайұлы;
Фототілші - МАМЫРЖАН;
Кезекші редактор - Алма Сайлауқызы

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№ 1104 бөлме.

Байланыс телефоны: 47-29-29,
ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.

Нөмір редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі, 55) 24.06.2006 жылы басылды.

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы - 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
№ 248 тапсырыс.

Жарияланған мақалаларға автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.